

В.В. РАДЛОВ СӨЗДІГІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ: АРАБ, ПАРСЫ КІРМЕ СӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ТЕРМИНДЕНУ ҮДЕРІСІ

*Құлманов С.¹, Бүркітбай Г.²

¹ф.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан
e-mail: k.k.sarsen@mail.ru

²ф.ғ.к., проф., Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: gjbi@mail.ru

Аңдатпа. Мақала академик В.В. Радлов сөздігінің (бұдан әрі – Сөздік) лексикалық құрамындағы араб, парсы кірме сөздерін және мұндай кірме сөздердің қазіргі кездегі терминдену үдерісін талдауға арналады.

Зерттеудің мақсаты, негізгі бағыты мен идеясы араб, парсы кірме сөздерінің қазақ тіліндегі лексикалық және терминологиялық қорындағы сипатын ашып көрсетуді көздейді.

Мақалада іріктеу, жүйелеу, лексика-семантикалық топтарға бөлу, құрылымдық, этимологиялық (диахрондық), сипаттау, құрылымдық, семантикалық топтау, синхрондық талдау, салғастыру әдістері қолданылды.

Мақалада Сөздікте архизмдер мен историзмдер ретінде көрсетілген кейбір сөздердің қазіргі кезде әртүрлі салада терминдік мағынада қолданылатыны көрсетіліп, онда тіркелген араб, парсы кірме сөздерінің төмендегідей ерекшеліктері анықталды: барлығы дерлік (кейбір сөздерді қоспағанда) қазіргі кезде тілімізде сөздікте көрсетілген мағынасында қолданылады; әртүрлі ғылым саласында термин ретінде қолданылады; бірнеше мағынасы берілген; бірнеше мағыналы сөздердің әртүрлі сөз табына жататыны көрсетілген; қазақ тілінің жұрнақтары жалғануы арқылы жаңа сөздер жасалған; қазақ тілінің жалғаулары жалғанған; қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды; қазіргі кезде басқа мағыналарда қолданылады; бірнеше нұсқасы берілген; мағынасы күңгірт сөздер қазіргі кезде сөз тіркестерінің құрамында қолданылады; сөздікте жалқы есімдер берілген.

Мақалада қазақ тіліне енген араб және парсы сөздерінің терминденуі қазіргі заңнамалық құжаттарда қолданылуы (немесе қолданылмауы) және Республикалық терминология комиссиясының отырыстарында бекітілуі (немесе бекітілмеуі) тұрғысынан, құрылымдық және мазмұндық сипаты бойынша топтастырылды.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер: 1) Сөздіктің лексикалық құрамына жататын араб, парсы кірме сөздерін мазмұндық тұрғыда жіктеу лексикология және араб, парсы кірме сөздерінің қазіргі кездегі терминдену үдерісін талдау терминология саласының ғылыми-теориялық негіздерін жетілдіруге үлес қосады; 2) әртүрлі сөздіктер (тарихи, терминологиялық және т.б.) құрастыруда, тіл білімінің лексикология, тіл тарихы, диалектология, терминология салалары бойынша дәрістер оқуда практикалық мақсатта қолдануға болады.

Тірек сөздер: сөздік, лексикалық құрам, араб-парсы кірме сөздері, терминдену, заңнама, түбір, жұрнақ, бейімделу

Негізгі ережелер

Түркі тіл біліміндегі танымал тұлғалардың бірі – Петербург Ғылым академиясының академигі, шығыстанушы, археолог, этнограф Василий

Васильевич Радловтың өмір жолы мен ғылыми қызметі туралы жазылған еңбектер баршылық. Сонымен қатар жалпы түркі тілдеріндегі араб, парсы кірме сөздері XIX ғасырдан бастап зерттеліп келеді (М. Фасмер, Б.Я. Владимирцев, Н.К. Дмитриев, А.М. Мугинов, Е.К. Бахмутова және т.б.) және олардың енуі тарихи, саяси, мәдени, діни және экономикалық жағдайларға байланысты қарастырылады. Мысалы, түркілердің руна және ұйғыр жазуынан араб әліпбиіне көшуі (С.Е. Малов), тарихи әдебиеттің араб, иран тілдерінде жазылуы (В.В. Бартольд), тарихи-этностық жайттар (Ә.Т. Қайдаров).

Тіл білімінде академик В.В. Радловтың өмірі мен шығармашылығына және тіліміздегі араб, парсы кірме сөздеріне арналған зерттеулер саны біршама және олардың мазмұны жан-жақты болғанымен, мақала ретіндегі зерттеуіміздің өзектілігін мына жайттармен дәйектеуге болады: біріншіден, В.В. Радлов сөздігінің лексикалық құрамы, оның ішінде араб, парсы кірме сөздері арнаулы зерттеу нысаны болғаны болған емес; екіншіден, араб, парсы кірме сөздерінің терминденуі әртүрлі салаларға қатысты терминдер туралы зерттеулерде айтылғанымен, олардың қазіргі кездегі терминдену процесі (заңнамада қолданылуы, бекітілуі) кешенді түрде қарастырылмаған.

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде академик В.В. Радловтың өмірбаянын, ғылыми қызметін және ғалымның сөздігінде (бұдан әрі – Сөздік) қамтылған қазақ сөздерін арнаулы зерттеу нысаны ретінде кешенді түрде қарастырған К. Құсайынов бұл сөздікті өз кезінде нақты түркі тілдері мен диалектілерінің сапалық және сандық жағынан қамтыған лексикографиялық еңбек деп бағалай отырып, оны жасау барысында әртүрлі ондаған түркі тілдерінің сөздігін пайдалағанын, қазақ тілінің лексикасын XIX ғасырдың 60-шы жылдарында Қазақстанның шығыс және оңтүстік бөлігін аралаған кезінде жинағаны туралы мәлімет береді, сөздікті 1) аударма, 2) салыстырмалы, 3) ішінара этимологиялық сөздік-анықтамалық деп атап, В.В. Радловтың қызметтік кезеңдерін баяндайды, қазақ тілінің вокализм және сингормонизмі туралы тұжырымдарын талдап, қазақ тіліндегі кірме сөздерді (русизмдер, араб-иран), қазақ тілінің лексикасын толықтырудың көзі ретінде ішкі ресурстардың пайдаланылуын қарастырады [1, 7-162 бб.].

Профессор К. Құсайынов Сөздіктің негізгі лексикалық құрамы саналатын байырғы қазақ сөздерін – архизмдер (*дөкет, елем, сарт, уалайат, шаңғыл*) мен историзмдердің (*алтын қабақ, ату, алдыяр, алым, бұламан, дуан, долық, едіс, есепші, жауаптама, жайшы, кушыр, дауылпаз, ділдә, қаржымақыл, қойқын, қойқын шыт, боз қойқын, қастауыс, мүйет, оқыра, өлгей (елу+қой), сақпан-сақман, сарапшын, сасыр, телгей, үдірім, ілдірік, шанап, тартыс, тұлдап байлады, туды қандау*) мағынасын және қазіргі синонимдерін көрсетеді [1, 162-165 бб.]. Әрине ғалым көрсеткен сөздердің барлығы дерлік архизмдер мен историзмдерге жататыны белгілі. Алайда қазіргі кездегі терминжасамдағы әртүрлі үдерістерге (мағынаның кеңеюі, лексика-семантикалық тәсіл және т.б.) байланысты кейбір сөздер қазіргі уақытта да көрсетілген мағынасында немесе жаңа мәнде қолданылатынын айтқымыз келеді. Мысалы, «алым» сөзі

сөздікте «алым-салық, жан басына шаққандағы алым» деген мағынада қолданылса, қазіргі кезде экономика саласында «төлемнің түрі», математика саласында «бөлшектің бір мүшесі, алынатын сан»; «есепші» сөзі сөздікте «ауа арайын болжаушы адам» деген мағынада қолданылса, қазіргі кезде экономика саласында «шаруашылық саласындағы есепші маман»; «бухгалтер»; «дауылпаз» сөзі сөздікте «сұңқарды шақыруға арналған құрал, барабан» деген мағынада қолданылса, қазіргі кезде өнер саласында «қазақтың көне саз аспабы» деген терминдік мағынада қолданылады.

Қазақ тіліне енген араб және парсы сөздерінің терминдену мәселесі Е. Жанпейісовтің [2, 53-57 бб.], Ж. Нәлібаевтың [3, 74-78 бб.], А.Ш. Исанованың [4], А.Б. Жиекбаеваның [5] еңбектерінде зерттеу нысаны болды.

Қазақ тіліне енген араб және парсы сөздерінің терминденуін арнаулы зерттеу нысаны ретінде қарастырған А. Жиекбаева араб, парсы кірме сөздерінің қазақ тілінің терминологиялық қорына енуінің мынадай ерекшеліктерін атап өтеді: барлығына жуығы қазіргі әдеби тілде бар; бастапқы лексикалық мағынасын жоғалтып, жаңа мағынадағы термин жасалған; омонимия түзеді; көпмағыналы терминдер ретінде қолданылады; бейтерминденген сөздер (діни лексика, әдебиет саласына қатысты кейбір сөздер) [5, 122-123 бб.].

Соңғы кездері араб, парсы кірме сөздерінің ағылшын [6, 14-25 бб.], [7, 343-349 бб.], орыс тіл білімінде [8, 6124-6128 бб.], [9] зерттелуі жанданса, қазақ тіл білімінде әртүрлі салалардағы терминденуі [10, 121-129 бб.], терминжасамдық қасиеті қарастырылады [11, 121-129 бб.].

Тіл білімінде академик В.В. Радловтың өмірі мен шығармашылығына және тіліміздегі араб, парсы кірме сөздеріне арналған зерттеулер болғанымен, мақалада әлі күнге дейін арнаулы зерттеу нысаны болмаған В.В. Радлов сөздігінің лексикалық құрамы, оның ішінде араб, парсы кірме сөздері және тіліміздегі араб, парсы кірме сөздерінің терминдену мәселелері қарастырылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақаланың ғылыми-теориялық негізі ретінде академик В.В. Радловтың өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған мына еңбектер басшылыққа алынды: Убрятова Е.И. Академик В.В. Радлов. – Известия Сиб. отд. АН СССР. Серия обществ. наук, 1969. №6, вып. 2; Афанасьев П. Выдающийся тюрколог. – Соц. Якутия, 1957; Кононов А.Н. В.В. Радлов и отечественная тюркология. – Тюркологический сборник. 1971. – С.10; Артюх Е.А. Алтайский период в научной деятельности В.В.Радлова: монография. – Барнаул, 2010; Помелов В. Просветительско-педагогическая деятельность В.В.Радлова // Педагогика. 2013, №6. С.112-118; Закирова Л.Н. Лингвистическая деятельность В.В.Радлова в 1871-1884 гг. Дис. ... канд. филол. наук. – Казань, 2012; Мусаев С.Ж., Садыкова С.З. Лексика кыргызского языка в словаре В.В. Радлова // Филологические науки. Вопросы теории и практики. №1(79), 2018; Хусаинов К. Ш. В.В. Радлов и казахский язык. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1981. – 172 с.; Ертаев К.Е. Лингвистический статус послелогов в трудах В.В. Радлова:

авторреф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1992; Малбақов М. Қазақ сөздіктері. – Алматы, 1995 және т.б.

Сондай-ақ қазақ тіл білімінде араб, парсы кірме сөздері туралы жазылған төмендігі ғылыми зерттеулер мақаламызға ғылыми-практикалық негіз болады: Сабитов Н. Арабские и персидские слова в казахском языке. Л., 1944; Есеналиева Ж. Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің қолданылу ерекшеліктері. Алматы, 1993; Қайдаров Ә.Т. Казахский язык. Языки мира. Тюркские языки. М., 1996; Бүркітбай Г.Ж. Қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінде арабизмдердің лексикографиялануы. Алматы, 2003; Бекмұхаметов Е. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздері. Алматы, 1977 және т.б.

Мақалада Сөздікте тіркелген араб, парсы кірме сөздерін талдау барысында «Опыт словаря тюркских наречий» (Т. 1-4. – СПб.: Тип. АН, 1888-1911) еңбегі латын графикасынан кирил қарпіне транслитерацияланып, ондағы араб, парсы кірме сөздерін жіктеу үшін *іріктеу, жүйелеу, лексика-семантикалық топтарға бөлу, құрылымдық (морфемалық) талдау, ішінара этимологиялық (диахрондық) талдау әдістері* қолданылды.

Қазіргі тіліміздегі араб, парсы кірме сөздерінің терминдену процесін (заңнамада қолданылуын, бекітілуін) қарастыру барысында *сипаттау, құрылымдық және семантикалық топтау, синхрондық талдау әдісі, пәнаралық салыстыру, ішінара салғастыру әдістері* қолданылды.

Нәтижелер

Петербург Ғылым академиясының академигі, шығыстанушы, археолог, этнограф В.В. Радловтың сөздігінде тіркелген араб, парсы кірме сөздерінің барлығы дерлік қазіргі кезде тілімізде көрсетілген мағынасында, сондай-ақ кейбірі әртүрлі ғылым саласында термин ретінде қолданылуы, кейбірінің бірнеше мағыналы болып келуі және олардың сөз табы көрсетілуі, кейбіріне қазақ тілінің жұрнақтары мен жалғаулары жалғануы, кейбірінің қазіргі қазақ тілінде қолданылмауы, немесе кейбірінің мағынасы күңгірт екендігі, немесе басқа мағыналарда қолданылуы, кейбірінің бірнеше нұсқасының және жалқы есімдердің берілуі бойынша жіктеліп көрсетілді.

Қазақ тіліне енген араб және парсы сөздерінің терминдену ерекшеліктері әртүрлі себептерге байланысты болады және олар қазіргі заңнамалық құжаттарда қолданылуы (немесе қолданылмауы) және Терминком отырыстарында бекітілуі (немесе бекітілмеуі) тұрғысынан мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері бойынша топтастырылды.

Талқылау

Академик В.В. Радлов қазақ тіліне араб, парсы кірме сөздерінің енуін діни, яғни мұсылман халықтарымен қарым-қатынас жасаумен байланыстырады [12, 43 б.].

Профессор К. Құсайынов Сөздіктегі **араб** кірме сөздерін: дінмен байланысты сөздер: *Алла, айт, ажал, акрет, азан, арам, аруақ, әулие, дін, обал, молда, намаз, ораза, шарият, құбыла* және т.б.; мәдени-ғылыми ұғымдарды білдіретін сөздер: *әліп, галым, қауым, қалам, қат, ноқат, кітап,*

мектеп, мұғалім, дәуіт, мәжіліс және т.б.; дерексіз ұғымдарды білдіретін сөздер: *айла, ақиқат, құса, қыйанат, қасиет, қайрат, ықтияр, ықлас, өмір, әмір, әлемет, әлем, әл, амал, азап, ақыл, ауқат, айып, тәрбие және т.б.*; басқа да зат есімдер: *әкім, әскер, адам, әйел, қалық, құрбы, ыбраһим, қамыр, қарыз, қата, аса, тарық және т.б.*; басқа сөз таптары: сын есім: *айбат, азиз, әзір, әділ, әдемі, арам, ғажап, ғажайып, қасар және т.б.*; үстеулер: *әуелі, мәселен*; шылау: *яғни*; есімдік: *күллі және т.б.* [1, 152-154 бб.] деп жіктесе, **иран** кірме сөздерін былайша жіктейді: апта күндерінің атаулары: *дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, сембі, жексенбі, апта*; дерексіз ұғымдарды білдіретін сөздер: *арман, азат, өнер*; шаруашылық-тұрмыстық мағынадағы сөздер: *ара, қант, ұлтарақ, дүрбі*; дінмен байланысты сөздер: *құдай, қожя, дәруіш, періште, кінә*; басқа зат есімдер: *опиын, аспан, айдақар, кедей, кербез, келбет, куә, қағаз, мейман*; сын есімдер: *азар, арзан, арамза, зирек және т.б.* [1, 154 б.].

Біз мақаламызда латын графикасында жазылған Сөздіктің [13] лексикалық құрамының негізін құрайтын араб, парсы кірме сөздерін әртүрлі ерекшеліктеріне байланысты төмендегіше жіктеп отырмыз:

1) барлығы дерлік (кейбір сөздерді қоспағанда) қазіргі кезде тілімізде көрсетілген мағынасында қолданылады;

2) кейбірі қазіргі кезде әртүрлі ғылым саласында термин ретінде қолданылады:

араб: *айт, айып, ақиқат, арыз (арз), аруақ, алым (ғалым), адам, адамзат, аманат, амал, әкім, өсиет, әзірет, әуе, өмір, қала, қалам, қате, қисап, кіріптар, құрбан, құрмет, рай, талап, дін, жаза және т.б.*;

парсы: *әуе, өнер, көше, қызмет, опиын, апта және т.б.*;

3) кейбірінің бірнеше мағынасы берілген:

араб: «*айып*: 1) қылмыс, жетіспеушілік, кемістік; 2) әділетсіздік, арамдық, жаман қасиет; 3) теріс қылыққа салынатын айыппұл; *айбат*: 1) тамаша, ұлы; 2) ашулы түр; *ақ*: 1) шындық, 2) Алла; *асыл*: 1) текіден шыққан; 2) жақсы, тамаша, қымбат, бағалы; 3) болат; *аманат*: 1) біреуге тапсырылған аманат; 2) қарыз; *обал*: 1) күнә; 2) бақытсыздық; *қадыр*: 1) ұлы, беделді; қадыр Алла; 2) тамаша, қайырымды» және т.б.;

парсы: *найза* – «1) найза; 2) соғыстағы жолдас; *абиыр* – 1) ұялшақтық, ибалылық; 2) жыныс мүшелері; *әуе* – 1) аспан; 2) ауа; 3) ауа райы; *қожя* (зат) – мұғалім, молда, дірдар адам, пайғамбардың ұрпағы» және т.б.;

4) бірнеше мағыналы сөздердің кейбірінің әртүрлі сөз табына жататыны көрсетілген:

араб: «*қала* (1) (зат): 1) қамал, бекініс; 2) қала; 3) ауыл; *қала* (2) (ет.) (қай+ла): 1) кез келген нәрсені ұнату; 2) біреуді жақсылап жақбықтау; *қала* (3) (ет.): 1) қалап от жағу; 2) тезекті бір біріне-жақындатып қою; *қас* (1) (зат): 1) ердің қасы; 2) қас; *қас* (2) (сын): шынайы, нағыз; *қас* (3) (сын): 1) теріс пиғыл, арамдық; *қаріп* (1) (сын): кәріп, мүгедеу, кедей; *қаріп* (2) (зат) әріп, әліппе; *талап* (1) (зат): ниет, талап, талап-арыз, шешім; *талап* (2) (зат) далап; *мата* (1) (зат) тауар; *мата* (2) (ет.) матап байлау» және т.б.;

парсы: «*азар* (1) (сын) – ашулы, арық, жарамайтын; «*азар* (2) (үст.) – әрең; *арман* (1) (зат) – 1) арман, ниет; 2) (үст.) алыс (*арман жүр*); *нан* (1) (зат)

– нан; *нан* (2) (ет.) – сену; *жай* (1) (зат) – садақтың жайы; *жай* (2) (зат) – 1) қалып, күй; 2) жөн, дағды, дұрыс түсінік; 3) дұрыс, дәл; *жай* (3) (зат) – жаз мезгілі; *жай* (4) (зат) – найзағай; *жай* (5) (сын) – 1) ақырын; 2) себепсіз, жай ғана; *жай* (6) (зат) намазжай; *жай* (7) (ет.) 1) – жаю, жазу; 2) малды өріске айдау; *жат* (1) (сын) – өзге, бөтен; *жат* (2) (зат) – саздан жасалған қабырға; *шат* (1) (зат) – жамбас сүйектің қосылған жері; *шат* (2) (сын) – 1) көңілді, шадыман; 2) дәл мен ойлағандай; *бақ* (1) (зат) – бақыт, жетістік, сәттілік; *бақ* (2) (ет.) – 1) қарау, күту; 2) малды бағу; 3) сақ болу» және т.б.;

5) кейбіріне қазақ тілінің жұрнақтары жалғануы арқылы жаңа сөздер жасалған:

араб: *әулиелік, араздық, аруақты, адамишылық, адылдық, ажалды, обалдық, ықтиярсыз, ықтиярсыздық, қадырлы, құрбандық, талапты, салтанатты, салтанатсыз, сабырлы, бейілді, бейілсіз, бедерлі, мақалшыл, масқаралық, мейірімді, мирасқор* және т.б.;

парсы: *апиыншы, абиырлы, өнерлі, растық, достық, дұрыстық* және т.б.;

6) кейбіріне қазақ тілінің жалғаулары жалғанған:

араб: *арамда, арамдал, арыздас, амалда, әзілдес, әзірле, әзірлен, әзірлет, қадырла, құрметте, жазалан, бейілден, бедерле, бедерлен, мақалда, масқаралан, мазалан* және т.б.;

парсы: *кербезден, найзала, достас* және т.б.;

7) кейбірі қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды:

араб: «*аял* – ой; мерзім, *апар* – мейірбан; *ықсан* – садақа; *ыбрат* – мысал, үлгі; *уана* – сенімділік; *уалаят* – ел, аумақ; *қирамат* – кінә, қылмыс; *қияпат* – жүрек, бейімділік, ниет; *назыр* – 1) қараушы адам; 2) күзетуші; *тарық* (1) – 1) тәртіп; 2) заң; *тарық* (2) – санау уақыты; *ташпық* – таспих; *балдама* (бал+нама) – 1) бал ашатын кітап; 2) орамалды әйелдің бақсылық жасауы; *бұсыр* – обыр (ауру); *маша* – 1) қарудың шүріппесі; 2) қысқаш; *машқұл* – бірдеңемен айналысып жатқан адам; *мекпет* – қызмет; *мәзембет* – жазғыру; *мынас* – дұрыс деп санау; *мырат* – ниет» және т.б.;

парсы: «*өнербет* – суретші, кәсіпші, шебер; *ұстат* (1) – 1) ұстаз; 2) ақылды, айлакер; *қат-құдайшылық* (зат) – жастардың некесі; *налыс* (зат) – дем алу; *дуан* (зат) – 1) аумақтық сот; 2) қырғыз даласындағы орыс басқаратын аумақ; *жедеш* (1) (зат) – сүйек; *жедеш* (2) (зат) – ойын түрі; *бұламан* (зат) – 1) кішкентай аңшы ысқырығы; 2) ауыл әншілерінің сыбызғысы» және т.б.;

8) кейбірі қазіргі кезде басқа мағыналарда қолданылады:

араб: «*нақыл* (зат) – рассказ; *нақыл айтпақ* – рассказать (қазіргі мағынасы – *мағынасы терең сөз*); *теперіш* (зат) – удовольствие, веселие (қазіргі мағынасы – *қиыншылық, азап, зардап, зәбір*); *жебір* (сын) – гордый, величавый» (қазіргі мағыналары – 1) *бот.* <латын. *thutis*>. *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын жатаған сабақты, қарама-қарсы жапырақты, хош иісті шала бұта*; 2) *вет.* *Мал азығында ас тұзы, витаминдер жетіспеуінен болатын ауру; індет*; 3) *Не болса соны талғамай жейтін, жемқор, жұтқыш*; 4) *ауыс. Парақор, дүниеқор, озбыр*); «*пана* (2) (зат) – бақытсыздық, қатал тағдыр, жазмыш» (қазіргі мағыналары – 1) *Баспана, қора, ықтасын жер, пана*

боларлық барлық жай; 2) Біреуге істелген қорғаныш, сая; 3) әскери. Жабық типті таса; 4) ауыс. Сүйеніш, тірек); «үдет – удод (птица)» (қазіргі атауы – бәбісек, сасықкөкек); «сара – 1) атыз, жазық; 2) алаң (киіз үй маңы)» (қазіргі мағыналары – 1) таза, араласпаған, сұрыптап алынған; 2) ашық, айқын, таза, анық; 3) асыл, жақсы; мәйек; 4) жеке-дара, ерекше, үздік; 5) Парық, парасат, ақыл) және т.б.;

парсы: «қораз (зат) – 1) пайызторғай; 2) икемді, нәзік, назды; 3) өнегелі, текті» (қазіргі мағыналары – 1) Тауықтың еркегі, әтеш; 2) ауыс. Ер батыр) және т.б.;

9) кейбірінің бірнеше нұсқасы берілген:

араб: Алла – Алда, арыз – арз, алым – галым және т.б.;

парсы: тақ – тақыт, дұрыст (үстеу) – дұрыс (сын есім) және т.б.

10) кейбірінің мағынасы күңгірт, алайда олар қазіргі кезде сөз тіркестерінің құрамында қолданылады:

араб: «асы: мойынсұнбау, қайшылық, қателік» (асы болсам қайттым), «әлей – амандасқандағы жауап түрі» (әлей болсын) және т.б.;

парсы: «көр (сын) – соқыр» (көр соқыр).

11) жалқы есімдер берілген:

араб: «Аптеке – Абдуррашид деген жалқы есімнің қысқарған түрі».

парсы: «Наурус (зат) – 1) жаңа жылдың бірінші күні (наурыз айында); 2) киргизское имя.».

Осы жерде Сөздікте «әуе» сөзі араб және парсы тілінің сөзі ретінде көрсетілгенін атап өтілсе, зерттеуші Г.Мамырбекова «ауа», «әуе» сөздерін араб сөзі деп көрсетеді» [14, 53 б., 79 б.].

Біз бұл мақаламызда әрі қарай қазақ тіліне енген араб және парсы сөздерінің терминденуін қазіргі заңнамалық құжаттарда қолданылуы (немесе қолданылмауы) және Терминком отырыстарында бекітілуі (немесе бекітілмеуі) тұрғысынан төмендегіше топтастырып отырмыз:

1) Араб, парсы тілдерінен еніп, заңнамада қолданылатын және Терминком бекіткен терминдер:

- араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп енген терминдер: *рәміз, нышан, кәмелет, тәрбие, мәдениет, дәреже, мемлекет, мәлімет, мекеме, хабар, мүлік, айып, арыз, өсиет, қазына, кепіл, құқық, қаражат, делдал, шарт, құжат, қарар, рәсім, әділет, ұжым, саясат, халық, мәміле, қаржы, мәртебе, лауазым* және т.б.;

- араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, қазақ тілінің жұрнақтары жалғануы арқылы жасалған терминдер: **-дык/-дік/-тық/-тік/-лық/-лік:** *кәмелеттік, өкілдік, азаматтық, әділдік, әлеуметтік, мемлекеттік, бұқаралық, құқықтық;* **-шы/-ші:** *сарапшы, саясатшы, хатишы;* **-ты/-ті/-лы/-лі:** *өкілетті, құзыретті;* **-шылық/-шілік:** *адамгершілік, жауапкершілік, әкімшілік;* **-дас/-дес/-лас/-лес/-тас/-тес:** *отандас, әріптес, пікірлес;* **-ты+лық/-ті+лік/-лы+лық/-лі+лік:** *мәдениеттілік, өкілеттілік; айыптылық, құпиялылық;* **-сыз+дык/-сіз+дік:** *қауіпсіздік, жауапсыздық, әрекетсіздік, әділетсіздік* және т.б.;

- араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, араб, парсы тілдері элементтерінің қосылуы арқылы жасалған терминдер: *қылмыскер, куәгер, талапкер, зейнетақы, сараптама* және т.б.;

- біріншісі қазақ тілінің сөзінен, екіншісі араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп енген сөздерден тұратын күрделі терминдер: *төлқұжат, телқұжат* және т.б.;

- біріншісі араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп енген, екіншісі қазақ тілінің төл сөзінен тұратын күрделі терминдер: *дүниетаным, кәсіподақ, әуежай* және т.б.;

- екі сөзі де араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп енген сөздерден тұратын күрделі терминдер: *сенімхат, өмірбаян, өнеркәсіп, қаламақы, жәрдемақы, айыппұл, сауалнама* және т.б.;

- біріншісі еуропа тілдерінің сөзінен, екіншісі араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп енген сөздерден тұратын күрделі терминдер: *радиохабар, радиосұхбат, радиомәтін, макродүние, геосаясат, макроғарыш, этносаяси* және т.б.;

- біріншісі қазақ тілінің сөзінен, екіншісі араб, парсы тілдерінің сөзінен тұратын тіркесті терминдер: *қарсы талап, қос азаматтық, қарыз шарты, жалған құжат, тұрғын үй, ішкі саясат* және т.б.;

- екі сыңары да араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп енген сөздерден тұратын тіркесті терминдер: *сауда шарттары, мемлекет қазынасы, құрмет тақтасы* және т.б.;

- екі сыңары да араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, бірінші сыңарына қазақ тілінің жұрнағы жалғанған сөзден тұратын тіркесті терминдер: *әлеуметтік пікір* және т.б.;

- екі сыңары да араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, бірінші сыңарына қазақ тілінің жұрнағы жалғанған, екінші сыңарына араб, парсы тілдерінің элементтері қосылған сөзден тұратын тіркесті терминдер: *уақытша қызметкер, азаматтық талапкер* және т.б.;

- екі сыңары да араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, бірінші сыңарына қазақ тілінің жұрнағы жалғанған сөзден тұратын тіркесті терминдер: *құқықтық мемлекет* және т.б.;

- біріншісі араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, қазақ тілінің жұрнақтары жалғануы арқылы жасалған, екіншісі қазақ тілінің сөзінен тұратын тіркесті терминдер: *мемлекеттік құрылым* және т.б.;

- араб, парсы тілдерінен еуропа тілдерінің біріне, содан соң орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тілінің сөздік қорына қосылған, негізінен ғылыми терминдер: *математика, астрономия, география, химия, филология, азимут, алколоид, алгебра, икс, цифр, шахмат, алгоритм, атлас, карта, адмирал, изафет, альманах* және т.б.;

- араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, қазіргі кезде еуропа тілдеріндегі нұсқасы қатар қолданылып

жүрген терминдер: *мәселе – мәселе, проблема; әлеует – әлеует, потенциал, айла-шарғы – айла-шарғы, манипуляция, махинация.*

2) Араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, заңнамада да, Терминком отырыстарында да бірнеше мағынада қолданылатын терминдер: *әкім – хакім, үкім – өкім, үкімет – өкімет, өкіл – уәкіл, кінә – күнә, оқиға – уақиға және т.б.*

3) Араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, заңнамада да, Терминком отырыстарында да бірнеше терминнің баламасы ретінде қолданылатын терминдер: *қағида – правило, положение; қағидат – принцип, постулат, нышан – символ, символика, задатки (қаржы); зұлмат – зұлмат, геноцид және т.б.*

4) Араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, заңнамада да, Терминком отырыстарында да бір терминнің баламасы ретінде алынып жүрген терминдер: *қағида, ереже – правило; рәміз, нышан – символ және т.б.*

5) Араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, Терминком отырыстарында бірнеше баламасы бекітілген терминдер: *виза – бұрыштама, виза; виза, рұқсат қағаз, рұқсатнама және т.б.*

6) Араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, Терминком отырыстарында бекітілген, алайда кейін қайта қаралып, еуропа тілдеріндегі нұсқасы қайта бекітілген, заңнамада екі нұсқада қолданылып жүрген терминдер: *пайыз – процент, мұрағат – архив, мұражай – музей, шәкіл – шкала және т.б.*

7) Терминком отырыстарында еуропа тілдеріндегі нұсқасы бекітілген, алайда кейін қайта қаралып, араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп енген нұсқасы қайта бекітілген, заңнамада екі нұсқада қолданылып жүрген терминдер: *космос – космос, гарыш және т.б.*

8) Араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, Терминком отырыстарында бекітілген, заңнамада еуропа тілдеріндегі нұсқасы да қатар қолданылатын терминдер: *ғаламшар – ғаламшар, планета және т.б.*

9) Араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, қазақ тілінің жұрнақтары жалғануы арқылы жасалған, Терминком отырыстарында бекітілмеген, алайда заңнамада қолданылатын терминдер: *-дас+тық/-дес+тік/-лас+тық/-лес+тік/-тас+тық/-тес+тік: бәтуа – бәтуаластық, бәтуагерлік және т.б.*

10) Араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп еніп, Терминком отырыстарында бекітілмеген, алайда заңнамада еуропа тілдеріндегі нұсқасы да қатар қолданылатын терминдер: *мүкәммал – мүкәммал, инвентарь және т.б.*

Қорытынды

Түркі тіл біліміндегі танымал тұлғалардың бірі – Петербург Ғылым академиясының академигі, шығыстанушы, археолог, этнограф Василий Васильевич Радловтың өмір жолы мен ғылыми қызметі туралы жазылған

еңбектерде архизмдер мен историзмдер ретінде көрсетілген кейбір сөздердің (*алым, есепші, дауылпаз*) қазіргі кезде әртүрлі салада терминдік мағынада қолданылатыны анықталды.

В.В. Радловтың сөздігінде тіркелген араб, парсы кірме сөздері: барлығы дерлік (кейбір сөздерді қоспағанда) қазіргі кезде тілімізде көрсетілген мағынасында қолданылады; әртүрлі ғылым саласында термин ретінде қолданылады; бірнеше мағынасы берілген; бірнеше мағыналы сөздердің әртүрлі сөз табына жататыны көрсетілген; қазақ тілінің жұрнақтары жалғануы арқылы жаңа сөздер жасалған; қазақ тілінің жалғаулары жалғанған; қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды; басқа мағыналарда қолданылады; бірнеше нұсқасы берілген; мағынасы күңгірт сөздер қазіргі кезде сөз тіркестерінің құрамында қолданылады; сөздікте жалқы есімдер берілген.

Араб, парсы кірме сөздерінің терминдену процесі қазіргі заңнамалық құжаттарда қолданылуы (немесе қолданылмауы) және Терминком отырыстарында бекітілуі (немесе бекітілмеуі) тұрғысынан төмендегіше топтастырылды: заңнамада қолданылатын және Терминком бекіткен терминдер; заңнамада да, Терминком отырыстарында да бірнеше мағынада қолданылатын терминдер; заңнамада да, Терминком отырыстарында да бірнеше терминнің баламасы ретінде қолданылатын терминдер; заңнамада да, Терминком отырыстарында да бір терминнің баламасы ретінде алынып жүрген терминдер; Терминком отырыстарында бірнеше баламасы бекітілген терминдер; Терминком отырыстарында бекітілген, алайда кейін қайта қаралып, еуропа тілдеріндегі нұсқасы қайта бекітілген, заңнамада екі нұсқада қолданылып жүрген терминдер; Терминком отырыстарында еуропа тілдеріндегі нұсқасы бекітілген, алайда кейін қайта қаралып, араб, парсы тілдерінен түбір тұлғасында қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп енген нұсқасы қайта бекітілген, заңнамада екі нұсқада қолданылып жүрген терминдер; Терминком отырыстарында бекітілген, заңнамада еуропа тілдеріндегі нұсқасы да қатар қолданылатын терминдер; қазақ тілінің жұрнақтары жалғануы арқылы жасалған, Терминком отырыстарында бекітілмеген, алайда заңнамада қолданылатын терминдер; Терминком отырыстарында бекітілмеген, алайда заңнамада еуропа тілдеріндегі нұсқасы да қатар қолданылатын терминдер.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала АР19677715 «В.В. Радлов сөздігі: ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (лексика-семантикалық аспект)» гранттық қаржыландыру бойынша зерттеу шеңберінде жарияланды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Хусаинов К.Ш. В.В. Радлов и казахский язык. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1981. – 172 с.

[2] Жанпейісов Е. Ғылыми терминологиядағы кейбір араб-парсы элементтері туралы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. – 1960. – № 8 (18). – Б. 53-57.

- [3] Нәлібаев Ж. Кейбір араб сөздердің қазақы терминденуі // Терминдер және олардың аудармалары. – Алматы: «Ғылым», 1990. – Б. 74-78.
- [4] Исанова А.Ш. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі заң терминдері. Мамандығы – 10.02.02 – Қазақ тілі: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1997. – 206 б.
- [5] Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. 10.02.02 – Қазақ тілі: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2010. – 134 б.
- [6] Eremin A.S. Arabic Borrowings in the Lexical-Semantic System of the English Language: Etymological Analysis. Research Result. Theoretical and Applied Linguistics. V.6 (2). – 2020. – P. 14-25. – URL: <http://rrlinguistics.ru/en/journal/article/2060/>; doi: 10.18413/2313-8912-2020-6-2-0-2
- [7] Pierre Fournier, Rim Latrache. Arabic Loanwords in English: a Lexicographical Approach. Edited by Zoe Gavriilidou, Maria Mitsiaki, Asimakis Fliatouras. Proceedings of XIX EURALEX Congress-Lexicography for Inclusion, volume 1. – 202. – P. 343-349. ISBN 978-618-85138-1-5. hal-03596124 – URL: <https://hal.science/hal-03596124/document>
- [8] Бахтиярова А.Н., Фаткуллина Ф.Г. Арабские заимствования в лексической системе русского языка // Научный журнал «Фундаментальные исследования». – № 2 (часть 27) – С. 6124-6128. – URL: <https://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=38632>
- [9] Аль-Кадими Махмуд Гази Чаллюб. Арабизмы в современном русском языке: авторефер. дисс. канд. филол. наук. Специальность 10.02.01 – Русский язык. – Воронеж, 2010. – 22 с.
- [10] Utemgaliyeva N.A., Bektemirova S.B., Odanova S.A., Rivers W.P., Akimisheva Zh.A. Innovation in Audiovisual Translation: from Reproduction to Perception of Texts with Academic Terms // XLinguae European Scientific Language Journal. Volume 15, Issue 2. – Nitra, 2022. – P. 121-129. – URL: doi: 10.18355/XL.2022.15.02.09
- [11] Әшімбаева Н.М., Шүленбаев Н.Қ., Жампейіс Қ.М. Қазақ тіліндегі негізгі терминжасамдық тәсілдер // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. Том 65. – 2022. – №2. – URL: doi: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.65.2.003>.
- [12] Radloff W. Phonetik der Nördlichen Türksprachen. Volume 1, Part 1. Front Cover. – Leipzig, 1882. – 318 pages.
- [13] Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. 1-4. – СПб.: Тип. АН, 1888-1911.
- [14] Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. / Г.Мамырбекова. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.

REFERENCES

- [1] Husainov K.Sh. V.V. Radlov i kazahskij jazyk (V.V. Radlov and the Kazakh language). – Alma-Ata: «Nauka» KazSSR, 1981. – 172 s. [in Rus.]
- [2] Janpeisov E. Ğylymi terminologiadagy keibir arab-parsy elementteri turaly (On some Arab-Persian elements in scientific terminology) // Qazaq SSR Ğylym akademiasynyñ Habarşysy. – 1960. – № 8 (18). – B. 53-57. [in Kaz.]
- [3] Nälıbaev J. Keibir arab sözderdiñ qazaqy termindenui (Kazakh terminology of some Arabic words) // Terminder jäne olardyñ audarmalary. – Almaty: «Ğylym», 1990. – B. 74-78. [in Kaz.]
- [4] İsanova A.Ş. Qazırgı qazaq ädebi tilindegi zañ terminderı (Legal terms in the modern Kazakh literary language). Mamandyğy 10.02.02 – Qazaq tılı: filol. ğyl. kand. ... dissertation. – Almaty, 1997. – 206 b. [in Kaz.]
- [5] Jiekbaeva A.B. Qazaq tilindegi arab, parsy sözderiniñ termindenui (Terminology of Arabic and Persian words in the Kazakh language). Mamandyğy 10.02.02 – Qazaq tılı: filol. ğyl. kand. ... dissertation. – Almaty, 2010. – 134 b. [in Kaz.]
- [6] Eremin A.S. Arabic Borrowings in the Lexical-Semantic System of the English Language: Etymological Analysis. Research Result // Theoretical and Applied Linguistics. V.6

(2). – 2020. – P. 14-25. – URL: doi: 10.18413/2313-8912-2020-6-2-0-2, URL: <http://rrlinguistics.ru/en/journal/article/2060/>

[7] Pierre Fournier, Rim Latrache. Arabic Loanwords in English: a Lexicographical Approach. Edited by Zoe Gavriilidou, Maria Mitsiaki, Asimakis Fliatouras // Proceedings of XIX EURALEX Congress-Lexicography for Inclusion. Volume 1. – 2020. – P.343-349. – URL: <https://hal.science/hal-03596124/document>

[8] Bahtijarova A.N., Fatkullina F.G. Arabskie zaimstvovaniya v leksicheskoj sisteme russkogo jazyka (Arabic borrowings in the lexical system of the Russian language) // Nauchnyj zhurnal «Fundamental'nye issledovaniya». – № 2 (chast' 27) – S. 6124-6128. – URL: <https://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=38632> [in Rus.]

[9] Al'-Kadimi Mahmud Gazi Challjub. Arabizmy v sovremennom russkom jazyke (Arabisms in modern Russian): avtorefer. diss. kand. filol. nauk. Special'nost' 10.02.01 – Russkij jazyk. – Voronezh, 2010. – 22 s. [in Rus.]

[10] Utemgaliyeva N.A., Bektemirova S.B., Odanova S.A., Rivers W.P., Akimisheva Zh.A. Innovation in Audiovisual Translation: from Reproduction to Perception of Texts with Academic Terms // XLinguae European Scientific Language Journal. Volume 15, Issue 2. – Nitra, 2022. – P. 121-129. – URL: doi: 10.18355/XL.2022.15.02.09

[11] Äşimbaeva N.M., Şülenbaev N.Q., Jampeis Q.M. Qazaq tilindegi negizgi terminjasamdyq täsilder (The main term in the Kazakh language competitive approaches) // Abylai han atyndaғы Qazaq halyqaralyq qatynastar jäne әlem tilderi universitetiniñ Habarşysy. Filologia seriasy. Tom 65. – 2022. – №2. – URL: doi: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.65.2.003>. [in Kaz.]

[12] Radloff W. Phonetik der Nördlichen Türksprachen. Volume 1, Part 1. Front Cover. – Leipzig, 1882. – 318 S. [in Germ.]

[13] Radlov V.V. Opyt slovarja tjurkskih narechij (The experience of the dictionary of Turkic dialects). T. 1-4. – SPb.: Tip. AN, 1888-1911. [in Rus.]

[14] Mamyrbekova G. Qazaq tilindegi arab, parsy sözderiniñ túsındırme sözdığı (Explanatory Dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language). / G.Mamyrbekova. – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2017. – 656 b. [in Kaz.]

ЛЕКСИЧЕСКИЙ СОСТАВ СЛОВАРЯ В.В. РАДЛОВА: АРАБО-ПЕРСИДСКИЕ ЗАИМСТВОВАНИЯ И ПРОЦЕСС ИХ ТЕРМИНОЛОГИЗАЦИИ В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ

*Кулманов С.¹, Буркитбай Г.²

*¹к.фил.н., доцент, Институт языкознания им. А. Байтурсынова
Алматы, Казахстан, e-mail: k.k.sarsen@mail.ru

²к.фил.н., проф., Казахский университет международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан
e-mail: gjbi@mail.ru

Аннотация. Статья посвящена анализу арабо-персидских заимствований лексического состава словаря (далее – Словарь) одного из известных деятелей тюркского языкознания – академика Петербургской академии наук, востоковеда, археолога, этнографа Василия Васильевича Радлова (Фридрих Вильгельм Радлов) и сегодняшнему процессу их терминологизации.

Цель, основное направление и идея исследования призваны раскрыть характер арабо-персидских заимствований лексико-терминологического фонда казахского языка.

В статье использованы методы отбора, систематизации, классификация на лексико-семантические группы, семантической группировки, структурного, этимологического (диахронической), описательного, синхронного анализов.

В статье доказаны, что некоторые слова, обозначенные в Словаре как архизмы и историзмы, в настоящее время используются в различных областях в терминологическом значении, были выявлены следующие особенности зарегистрированных в нем арабских и персидских заимствованных слов: почти все (за исключением некоторых слов) в настоящее время используются в значении, указанном в словаре; в различных областях науки используются в качестве терминов; предоставлено несколько значений; показано, что слова с несколькими значениями принадлежат к разным частям речи; путем соединения суффиксов казахского языка созданы новые слова; соединены окончания казахского языка; не используются в современном казахском языке; в настоящее время используются в других значениях; имеют несколько вариантов; слова с более неточным значением в настоящее время используются в словосочетаниях; в словаре предоставлены имена собственные.

В статье терминологизация арабо-персидских слов, вошедших в казахский язык, сгруппирована по структурному и содержательному характеру с точки зрения их использования (или неиспользования) в современных законодательных документах и утверждения (или не утверждения) на заседаниях Республиканской терминологической комиссии.

Результаты, полученные в ходе исследования: 1) содержательная классификация арабо-персидских заимствований, относящихся к лексическому составу Словаря, и анализ современного процесса терминологизации арабо-персидских заимствований вносят вклад в совершенствование научно-теоретических основ лексикологии и терминологии; 2) можно использовать в практических целях при составлении различных словарей (исторических, терминологических и др.), чтении лекций по лексикологии, истории языка, диалектологии, терминологии.

Ключевые слова: словарь, лексический состав, арабо-персидские заимствования, терминологизация, законодательство, корень, суффикс, адаптирование

LEXICAL COMPOSITION OF V.V. RADLOV'S DICTIONARY: ARAB-PERSIAN BORROWINGS AND THE PROCESS OF THEIR TERMINOLOGIZATION AT THE PRESENT TIME

*Kulmanov S.¹, Burkitbai G.²

¹Candidate of Phil. Sc., Associate Professor, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, e-mail: k.k.sarsen@mail.ru

²Candidate of Phil. Sc., Professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan e-mail: gjbi@mail.ru

Abstract. The article is devoted to the analysis of the Arabic-Persian borrowings of the lexical composition of the dictionary (hereinafter referred to as the Dictionary) of one of the famous figures of Turkic linguistics, an academician of the St. Petersburg Academy of Sciences, orientalist, archaeologist, ethnographer Vasily Vasilyevich Radlov (Friedrich Wilhelm Radlov) and the current process of their terminology.

The purpose, main direction and idea of the study are intended to reveal the nature of the Arabic-Persian borrowings of the lexical-terminological fund of the Kazakh language.

The article uses the methods of selection, systematization, classification into lexical-semantic groups, semantic grouping, structural, etymological (diachronic), descriptive, synchronic analyses.

The article proves that some words registered in the Dictionary such as archisms and historicisms are currently used in various fields in their terminological meaning; the following features of the Arabic-Persian borrowings registered in it were identified: at the present almost all

of them are used in the meaning fixed in the dictionary; they are used as terms; they have several meanings; new words were created by combining suffixes of the Kazakh language; some words are not used in the modern Kazakh language; currently they are used in other meanings; the words with more imprecise meanings are used in collocations; the dictionary provides proper names.

In the article, the terminology of Arabic-Persian words included in the Kazakh language is grouped according to their structural and substantive nature in terms of their use (or non-use) in modern legislative documents and approval (or not approval) at meetings of the Republican Terminology Commission.

The results obtained during the study are as follows: 1) contribute to improving the scientific and theoretical foundations of lexicology and terminology; 2) they can be used for practical purposes when compiling various dictionaries, in lectures on lexicology, history of language, dialectology, terminology.

Keywords: dictionary, lexical composition, Arabic-Persian borrowings, terminology, legislation, root, suffix, adaptation

Статья поступила 10.10.2023